
generally recognized principles and norms of international law and in accordance with Constitution.

References

1 Конституция Республики Казахстан 1995 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution

2 Закон Республики Казахстан «О гражданстве Республики Казахстан» от 20 декабря 1991 г. № 1017-ХІІ [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1000816.

3 Всеобщая декларация прав человека: принята Генеральной Ассамблеей Организации Объединенных Наций 10 декабря 1948 года [Электронный ресурс]: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҚАЗІРГІ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕ

Закен Н.С., СПД 21-2к тобының студенті

*Ғылыми жетекші: Жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасының доценті
PhD докторы Каржасова Г.Б.*

Мемлекет – белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Егемендікке, заңдастырылған зорлықты пайдалануға монополияға ие және қоғамды басқаруды арнайы механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асыратын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың еркеше түрі, саяси жүйенің орталық институты. Мемлекет – басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік – тынысын қамтамасыз ететін, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын ұйымдастырудың айрықша нысаны. Мемлекет – адамзат қоғамы дамуының нәтижесінде пайда болған саяси ұйым. Мемлекет – қоғамды басқару міндетін атқаратын, адамдардың, топтардың, таптардың қарым – қатынастарын реттеп отыратын, заңдарды қабылдайтын саяси ұйым.

Мемлекет қызметі дегеніміз - мемлекеттің алдына қойған мақсат- міндеттері жүзеге асырудың басты бағыттары. Мемлекет қызметі 2 түрге бөлінеді: ішкі және сыртқы болып. Ішкі қызметтерге экономикалық, әлеуметтік, қаржылық бақалау, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, экологиялық қызметтер жатады. Сыртқы қызметтеріне оның өзге мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен дипломатиялық қарым қатынас орнатуы және сырттан төнген қауіптен Отанды қорғау қызметтері жатады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі дегеніміз – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі [1].

Мемлекеттік қызмет белгілі бір іс - әрекеттің түріне қатысты, яғни кәсіп, мамандық, біліктілік, лауазымға қатысты жұмыстың орындалуы. Кәсіп – еңбек қызметінің кең саласы. Мұнда мемлекет қызметкері өз мамандығына сәйкес бар білімін, талабын

толығымен қолдана алады. Мамандық көрсетілген кәсіптің аясындағы еңбек қызметінің тар саласы. Мұнда мемлекет қызметкері жұмысты тиімді атқару үшін өзінің бұл сала бойынша алған терең, жан – жақты білімін қолдана алады. Ал біліктілік болса, белгілі бір қызметкердің қандай да дәрежедегі ауыр қызметті атқара алатынын анықтайды.

Мемлекеттік қызметтің тағы бір белгісі – мемлекеттік қызметкердің басқару органы қызметіне тікелей қатысуы. Бұл дегеніміз – азаматты басқару органының құрамына, яғни штатқа және мемлекеттік органның басқару қызметіне енгізілуін айтамыз.

Біздің бағалауымыз бойынша мемлекеттік қызметті күрделі әлеуметтік феномен ретінде түсінуде, оның маңызын, рөлін, әлеуметтік – саяси маңызын бағалауда бірнеше көзқарас қалыптасты.

Әлеуметтік көзқарасты қолдаушылар (Е.В. Охотский [3] , В.Г. Игнатов [4], А.И. Турчинов [5] және басқалары) мемлекеттік қызметті мемлекет қызметінде тұрған тұлғалардың ортақ қызметін ұйымдастырушы тарихи қалыптасқан, тұрақты форма ретінде қарастырады.

Г.В. Атаманчуктың мемлекеттік қызмет туралы ұсынған келесі анықтамасын келтіру өте орынды: «мемлекеттік қызмет – мемлекеттік органдарда ұйымдастырылған мемлекеттік қызметті атқару арқылы мемлекет функциялары мен мақсаттарын жүзеге асырудағы азаматтардың кәсіби және тәжірибелі түрде қатысуы» [2, 266].

Сонымен мемлекеттік қызмет тек «мемлекеттік органдардың өкілеттігінің атқарылуын қамтамасыз ету үшін» ғана қажет емес, мемлекеттің негізгі бағыты - өз азаматтарының мүддесі және қажеттілігі үшін қызмет жасау деген сөз.

Біздің ойымызша қоғамды демократиялау жағдайында мемлекеттік қызмет осы бағытта дамуы керек. Демек, мемлекеттік қызмет - бір жағынан мемлекеттік билікті қолдану және мемлекет міндеттері мен мақсаттарын қалыптастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайтын құқықтық, ұйымдастырушылық және процессуалдық институттар жүйесін, екіншіден - бұл арнайы дайындалған және мемлекеттік аппаратта кәсіби еңбек ететін адамдар жиынтығы.

Кейбір ғалымдар, мысалы, В.С. Комаровский, мемлекеттік қызметті кеңінен қарастырады, оның айтуынша мемлекеттік қызмет тек құқықтық-көпшілік институт емес, ол саяси-құқықтық институт. Мұндай көзқарасқа сәйкес, мемлекеттік қызмет - құқықтық-көпшілік сала емес, әлеуметтік-құқықтық қызмет саласы. Демек, мемлекеттік қызметке орналасатын тұлға мемлекеттік лауазымға кірісе отырып, қоғам үшін маңызды істерді шешуге құқылы және ол үшін жауапты екенін түсінуі керек. [6,106]

Барлық жоғарыда келтірілген көзқарастарды шоғырландыра отырып, жасалатын болжау – мемлекеттік қызмет әлеуметтік-саяси кеңістікке тәртіп және ұтымдылық енгізу үшін қажет, сондықтан басқарушылықпен тығыз байланысты.

Халықаралық тәжірибені талдау демократиялық мемлекеттердегі мемлекеттік қызметтің негізі - мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбегіне негізделген меритократиялық жүйе екенін көрсетті.

Оның негізгі элементтері:

- мемлекеттік қызметке кіру мен қызмет сатысы бойынша өсуде міндетті конкурстық сұрыптаудан өту;
- мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;
- бірдей жұмысты орындауда тең еңбек ақы алу;

- өз қызметінде жоғары нәтижелерге жеткен мемлекеттік қызметшілерді мадақтау;

- мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту.

Ә. Байменов меритократия принципін мәнін «азаматтардың мемлекеттің қызметке түсуде объективтік критерийлер бойынша, жеке қабілеттілігі, жұмыс тәжірибесі мен білімінің ескерілуі» деп айқындайды [7,116].

Меритократия өз табиғатында демократиялық институт болып табылады. Ол патронаж жүйесіне қарама-қайшы болып табылады. Меритократия жүйесі келесі принциптермен анықталады:

- мемлекеттік қызметке өту конкурс негізінде жүргізіледі;

- талапкерлерді бағалау олардың жеке қабілеттері, білімдері мен біліктіліктері арқылы жүргізіледі;

Осы екі принцип барлық азаматтардың мемлекеттік қызметке әлеуметтік жағдайына, ұлтына, жынысына және саяси және діни көзқарасына қарамастан мемлекеттік қызметке өту мүмкіндігін береді:

- барлық мемлекеттік қызметшілерге бірдей қарым-қатынас;

- тең жұмысты атқарған үшін тең еңбекақы төлеу;

- барлық мемлекеттік қызметшілер өз құзыреттерін орындауда қоғамның, әр азаматтық қызығушылықтарын басшылыққа ала отырып, сапалы қызмет көрсетуі;

- мемлекеттік қызметшілердің өз құзыреттерін жүзеге асыруда

- заңдылықты сақтауы;

- мемлекеттік қызметтегі адами ресурстарды тиімді пайдалану;

- өз қызметінде жоғарғы тиімділікке жеткен мемлекеттік қызметшілерді мадақтау, қызмет нәтижелері қанағатсыздандырылмаған қызметшілердің қызметін коррекциялау;

- қызметтерінің нәтижелілігін жақсарту мақсатында мемлекеттік

- қызметшілерді тұрақты түрде мемлекеттің оқуты мүмкіндігі;

- мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы. Аталған принциптер 2015 жылғы 23 қарашадағы «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы» заңы мен заңға тәуелді актілердің негізіне алынды. Республиканың заңнамасы халықаралық тәжірибе мен басқару мәдениетінің ұлттық дістүрін ескере отырып әзірленген. Осы жайт қазақстандық мемлекеттік қызмет үлгісінің ерекшелігін құрайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы:

1. Мемлекеттік қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, осы Заң, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2015 жылғы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес мемлекеттік қызметтің «Қазақстандық үлгісінің» ерекшеліктері мынадай:

- мемлекеттік лауазымдардың саяси және әкімшілік болып бөлінуі;

- мемлекеттік органның саяси басшысының ауысуында әкімшілік қызметшілердің қорғалуы;

- әкімшілік мемлекеттік қызметке түсуде конкурстық сұрыптаудың болуы;

- қызметтердің классификациясы;

-
-
- типтік және ведомстволық біліктілік талаптарының болуы;
 - жаңа еңбек төлеу жүйесі;
 - мемлекеттік қызмет істері жөніндегі құзыретті органның құрылуы.

Бұл кезеңді позициондық-карьералық үлгіде өту кезеңі деп сипаттауға болады. Позициондық-карьералық үлгінің ерекшеліктері:

- қызметке таңайындауда ауысу тәртібін енгізу;
- жауапты атшы институтын енгізу;
- мемлекетті қызмет істері жөніндегі құзыретті органның тәртіптік кеңестердің құрылуы.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің мақсаты мен міндеттері:

«Қазақстан - 2030» стратегиясында айқындалған мемлекеттік қызметті дамытудың басымдықтары: «кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйесін жақсарту»; «мемлекеттік қызмет - ұлтқа қызмет ету»; «мемлекеттік қызметтің жоғары абыройын қалыптастыру және қолдау» осы тұжырымдамамен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделін қалыптастыру негізіне алынған.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі бірінші кезекте «мемлекеттік қызмет» ұғымын жаңғыртуды көздейді. Мемлекеттік қызмет «ұлтқа (қоғамға) қызмет ету» ұғымының синонимі болуға және мемлекеттік қызметтерді тұтынушы болып табылатын халыққа бағытталуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі оны кәсібилендірудің басты факторы болып табылатын адами фактордың маңыздылығын тануға және тиімді кадр жұмысын жүргізуге бағдарланған.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тиімді кадр тетіктерін - мемлекеттік қызметке кірудің тиімді әрі айқын тәртібін, үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігін, жұмыс нәтижелері мен ынталандыру жүйесінің өзара байланысын қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде мемлекеттік саясаттың тиімді іске асырылуын кәсіби тұрғыдан қамтамасыз ететін жоғары мемлекеттік әкімшілік қызметшілер корпусы қалыптастырылып, мемлекеттік қызметке кіру және оны атқару тетіктері түбегейлі жетілдірілетін болады.

Осылайша, «Қазақстан - 2030» Стратегиясының ережелері негізге алына отырып:

1) мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тиімді кадр саясаты және адами капиталды басқару жүйесі;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетудің жоғары сапасы және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі;

3) мемлекеттік қызметшілердің оң имиджі және мінез-құлық этикасы мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың үш тұғырлы мақсаты болып табылады.

Үш тұғырлы мақсатқа сәйкес:

1) мемлекеттік қызмет жүйесінде жаңа кадр тетіктерін қалыптастыру және қолданыстағыларын жетілдіру;

2) мемлекеттік қызметшілердің жұмысын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру және мемлекеттік қызметшілердің жұмысын мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халыққа бағдарлау;

3) мемлекеттік қызметтің жоғары мәртебесі мен беделін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілер мінез-құлықның этикалық нормаларын қалыптастыру мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың міндеттері болып айқындалады.

Мемлекеттік қызметті сапалы кадрлық жаңарту мен кәсібилендіруді жүйелі түрде қамтамасыз ету үшін оның ұйымдастырушылық құрылымы және нормативтік құқықтық базасы жаңғыртылатын болады.

Жаңа модельді қалыптастырудың нәтижесі нақты нәтижеге және мемлекеттік қызметтерді сапалы түрде көрсетуге бағдарланған, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті қажеттіктеріне сай келетін кәсіби мемлекеттік қызмет болмақ.

«Мемлекеттік қызмет» түсінігінің күрделі табиғатына байланысты осы түсінікке деген бірыңғай, ортақ түсінік қалыптасқан жоқ. Біздің көзқарас бойынша тұжырымдамалық жағынан нақтырақ әзірленген, мемлекеттік қызмет институтының қызметін мемлекеттік-құқықтық бекітулердің жиынтығы арқылы оның әлеуметтік рөлін айқындайтын құқықтық тәсілдеме болып табылады.

Тұжырымдай келе, демократиялық, құқықтық мемлекеттің мемлекеттік қызметі - саяси-биліктік қарым-қатынас жүйесінде ұйымдастырылған максаты, функциялары және қағидалары бар саяси жүйенің ажыратылмас элементі, маңызды институты болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ (өзгерістер мен толықтырулар 06.01.2021 № 484-V), <http://adilet.zan.kz>

2. Атаманчук Г.В. Государственная служба в системе государственного управления // Государственная служба Российской Федерации: первые шаги и перспективы. – М.: Наука, 1997. – с. 98

3. Охотский Е.В. Государственная служба: культура поведения и деловой этикет. - М.: РАГС, 2010. –335 с.

4. Игнатов В.Г. Государственная служба субъектов Российской Федерации: опыт сравнительно-правового анализа: науч.-практ. и учеб. пособие). - Ростов-на-Дону: СКАГС, 2009. –319 с.

5. Бобров А.М. Государственная служба иных видов: понятие и ее особенности // Административное право и процесс. 2018. №9. с.55-59.

6. Комаровский В.С. Реформирование государственной службы России: выбор пути и методов. М.: РАГС. – 1997. – с. 23

7. Байменов А. Государственная служба. Международный опыт. Казахская модель – Астана. Фолиант, 2015. – с.152